

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

"Тәрбие - адам тағдырын шешетін, ұлы іс" (В Белинский)ЖАРИЯЛАНДЫ
28.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/75754/>

Қазақ халқының қазынасында тәрбиеге толы мол мұралар бар. Соның бірі, Мұхтар Әуезовтың: «Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз», — деген баға жетпес асыл сөзі бар. Шындығында бала болашағынан мол үміт күтетін әрбір адамзат баласы, ұрпағының тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетіні сөзсіз. Ертеде баланы құрсақта жатқан кезден -ақ тәрбиесіне көңіл бөлген. Олай болса, балам өмірге келген соң тәрбие нәрімен баптармын дейтін болсақ, сәл тәрбиеден кешеуілдеп қалатынымыз өкінішті емес пе? Ежелден ата-бабамыз ұрпақ тәрбиесіне ерекше ден қойған. Қазірде жеткілікті тәрбие беріп жатырмыз... дегенмен ол қаншалықты? Баланы жас кезінен өмірдің қыр -сырына төзімділікпен қарауды үйрету-ол үлкендердің міндетінде. Бала тәрбиесіне әрбір отбасындағы үлкендер жауапты. Олай болса «Жаста берген тәрбие-жас шыбықты игендей», -демекші баланың қоғамда дұрыс адам болып қалыптасуының алтын діңгегі, біздің қолымызда екенін ұмытпаған жөн.

Қоғам жақсы болсын десек, тәрбие тізгініне мықты болайық ағайын.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.